

**Булекова Асель Акуовна**

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Қарағанды облысы білім басқармасының Қарағанды «№48 жалпы білім беретін мектебі» КММ

[bulekova\\_assel@mail.ru](mailto:bulekova_assel@mail.ru)

## **ӨСКЕЛЕҢ ҰРПАҚҚА ӘДЕБИЕТ ОҚЫТУ МӘСЕЛЕСІ**

Әдебиет - ұлттың жаны. Ұлттық сана,  
тағдыр, жан жүйесі - көркемөнердің  
басты тақырыбы.

**Жүсіпбек Аймауытұлы**

Қазіргі уақытта мектеп бағдарламасында әдебиетті оқыту мәселесі ең өзекті сұрақтардың бірі. Ал бұл сұрақты көкейкесті етіп отырған проблема - оқушылардың кітап оқымауы және кітап оқуға деген қызығушылықтарының болмауы. Әрине, тарихымыздың қай кезеңінде болмасын, жасөспірімдердің «кітап оқымау» мәселесі болғаны анық, алайда соңғы жылдары жастардың әдеби шығарма оқудан жаппай бас тартуы белең алуда.

Әрине, кітап оқымау себебін іздеген адамға ең бірінші ойға оралатын нәрсе: қазіргі уақыттағы интернеттің, ұялы байланыстың дамуы. Қолында ұялы телефоны бар, интернет желісінде қосылған балаға Facebook, Instagram, YouTube, Watshap, Тик-Ток және басқа қосымшаларда отырған қызықтырақ. Сонымен қатар жасөспірімдер СМС хабарламалар мен Интернет-форумдардың жеңілдетілген тілінде сөйлеуге дағдыланған.

Соның нәтижесінде мұғалімнің алдында жасөспірімге көркем шығармалардың құндылығы мен сұлулығын көрсету сынды өте күрделі мәселе туындайды.

Шын мәнісіне келгенде, бүгін таңда мектепте әдебиет толыққанды оқытылмайды, әдебиет оқу сабағы үстіртін жүргізіледі. Осыған орай француздың ағартушы философы Вольтердің «Жақсы жазатын авторларды оқи отырып, сіз жақсы сөйлеуге дағдыланасыз» деген сөзі бар. Бұл даналық сөз бірнеше ғасыр бұрын айтылғанына қарамастан, әлі де өзекті.

Көлемді шығармаларды сабақ барысында толық оқып шығу мүмкін емес. Ал шығарманы оқуды үйге тапсырма ретінде берілген жағдайда, оқушылардың бірен-сараны болмаса, барлығы оқып келмейді.

Бұл мұғалімнің алдында тұрған үлкен мәселе. Қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімдері практикасында оқушыларды кітап оқуға тарту мақсатында бірнеше тәсілдер қолданылып жүр. Атап айтсақ,

1. Ата-анамен жұмыс. Оқушының кітап оқуына мұғалім және ата-ана тарапынан ықпал ету.

Кітап оқу – бұл өзіне тартып, баурап алатын үдеріс. Егер жасөспірімнің қызығушылығын бір рет оята алсақ, оның әрі қарай өзі талпынып, оқып кетуі ғажап емес. Осы орайда мектеп тарапынан ұстаз, отбасы тарапынан ата-ана қадағалап, баланың бос уақытында шығарма оқуын құнттап тұрса, жеңіске жетеріміз сөзсіз.

2. Кітапханалармен жұмыс. Мектептен тыс уақытта балаларды кітапханаға шақырта беру керек. Сыныппен кітапханаға барып, кітап алып, оқыған кітаптарының мазмұнымен бөліссе, бұл бір жағымды әдетке айналады. Оқушылардың арасында жақсы жағынан алғанда өзара бәсекелестік болады. Осыған байланысты «Бір аптада – бір кітап», «Менің сүйікті жазушым», «Кім көп оқиды?» т.б. сынды акциялар, байқаулар, викториналар ұйымдастыру маңызды.

3. Мұғалім шығарманы мазмұндау барысында ең қызықты жеріне келгенде, тоқтап қалады. Үйге тапсырмаға оқушыларға әрі қарай не болғанын баяндау тапсырылады. Сонымен қатар оқып келген баланы мақтау, марапаттау, қолдау жасау да жағымды ықпал ететіні сөзсіз.

4. Әдебиетті тереңдете оқу. КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, «Құрмет» орденінің иегері, ҚР-ның еңбек сіңірген мұғалімі, әйгілі ұстаз Қ.О.Бітібаеваның «Әдебиетті тереңдете оқу» еңбегі туралы жазғанда ғалым Бақытжан Келгембаева «Ұлттық сөз өнері - шетсіз-шексіз бір әлем. Осы ғажайып әлемді «теңізді тамшысынан танығандай» етіп, бар түйіні мен дәнін екшеп алу, барлық әшекейі мен ажарын қапысыз таныту, әдеби кезеңнің басым тенденцияларын дөп басу, тарының қауызындай бағдарламаға таудай алапат мазмұнды сыйғыза білу - нағыз шеберлікті қажет ететіні де рас», - деп жазған екен. Олай болса, осындай бағдарламаны әр мектепке енгізген дұрыс. Бұл оқушылардың шығарманы толық оқып шығып, оны түсінуіне, сезінуіне, және жан-жақты талдай алуына ықпал етеді.

Қазақ әдебиеті – ұлттық мәдениетіміздің алтын қазынасы. Сол себепті жас ұрпақтың кітап оқымау мәселесі барша қауымды қынжылтады. Әдеби шығармалар арқылы қай ел, қай мемлекет болмасын оның тарихындағы маңызды белестерді оқуға болады. Оқушыларға кітап оқыта отырып, біз олардың ұлттық санасын оятамыз, ой-өрісін кеңейтеміз, ішкі әлемін бай және жарқын ете аламыз. Проза немесе поэзия әлемі оқушының бойында адами, ұлттық құндылықтарды қалыптастырады. Сонымен қатар жазбаша және ауызша тілде сауатты, сенімді сөйлеуге баулиды, кітап оқудан ләззат алуға үйретеді.

#### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Белкина В. А. Кімге, неге және неге үйретеміз? [Электрондық ресурс]. – Режимі: қолжетімді
2. Келгембаева Б. «Әдебиетті тереңдете оқыту туралы сөз».  
<https://dspace.enu.kz/bitstream/handle/data/458/Adebietti%20-terendetip%20-okytu%20turaly%20soz.pdf?sequence=1&isAllowed=y>

**Бажикеев К.К.**, магистр, аға оқытушы  
**Айдын А.А.**, КИ-23-2к тобының студенті  
Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

#### ТІЛЕУКЕ ҚҰЛЕКЕҰЛЫ (ШАЛ АҚЫН) – ЛИРИК АҚЫН

Шал өлең шығарумен балауса жас кезінен бастап айналысқан. Жасынан сөзге үйір, шешен сөйлейтін тілге ділмәр, ойлы жас болып көзге түседі. Жасынан ел арасы ақындарымен айтысқа да түсіп жүреді. Оның кішкентайынан үлкендерше сөйлеуі, төрде отырып төрелік айтқанына қарап жұрт Шал атап кетеді. Зерттеушілердің айтуы бойынша Шал ақынның тұңғыш өлеңі «Өлеңге тоқтамайды Шал дегенің». Бұл өлеңді ақын шығармашылығының басы деп жүр. Өлеңнің шығу тарихы былай екен.

Әйгілі хан Құлеке батырдың бәйге алдын бермейтін жүйрік атын сұрап алып, кейін қайтармай қояды. Бірде Құлеке атын сұрауға барғанда баласы Шалды ертіп барады. Хан бала Шалдың көзінше: «Іші боқ, сырты түк сол мәстекті осыншама неге сұрай бересің?» - деген сөз айтады. Шал таңертең ерте тұрған ханның табынға ере алмай қалған бір қозыны арқалап бара жатқанын көріп қалады. Оны көрген жайды есте сақтап, сол күні кеш таянып ауылына кетерінде хан екен деп қысылмай, өлеңдетіп, малжандылығын бетіне айтады.

Өлеңге тоқтамайды Шал дегенің,

Болмайды қойға пана тал дегенің.

Таң ата жалаң аяқ тоқты арқалап,

Хан ата, қалай екен мал дегенің?

Сыйлайды ханымыз деп үлкен-кіші,

Біреудің хақын жемес жақсы кісі.

Тақтағы хан, топтағы биді еңкейткен,

Хан ата, қалай екен малдың күші? –дейді [1, 32].

Өлеңді естіген хан Құлекеге: «Мына балаң маған үлкен адамдарша сөйледі, тумай жатып қартайған бірдеңе ғой», - депті. Сөзден ұтылған хан Құлеке батырдың бәйге атын қайтарған